

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

№	Атауы	Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары	Лот	Өлшем бірлік	Саны
1.	Жоғары қысымды және температураны ыстық престоу қондырғысы	Қондырғы жоғары температура мен реттелетін қысым жағдайында ыстық престоу әдісі арқылы металлдық/керамикалық/полимерлі к матрицалы композициялық материалдарды алуды қамтамасыз етуі тиіс. 1. <i>Электрмен жабдықтау және энергия тұтыну:</i> – желіден электрмен жабдықтау 380–400 В; – желі жиілігі 50–60 Гц; – қуат көзі кемінде 60 кВт; Жүйе артық жүктемелерді болдырмайтын және тіпті шекті жүктеме кезінде де энергияның тұрақты берілуін қамтамасыз ететін жоғары тиімділікті қуат тарату блогымен жабдыкталуы тиіс. 2. <i>Қыздыру жүйесі:</i> – жұмыс температурасының ауқымы 24–2200 °С; – температураның өзгеру жылдамдығы 1–15 °С/мин; – жылытқыштың түрі: графитті резистивті элемент; – температураны бақылау: вольфрам-ренийлі термопара; Жылытқыш тораптың конструкциясы жылулық өрістің біркелкі таралуы мен үлгілердің біртекті термоөңделуін қамтамасыз ету үшін оңтайландырылуы тиіс. 3. <i>Престоу жүйесі:</i> – престоу күші кемінде 25 т; – жүріс ұзындығын реттеу ауқымы 0–100 мм; – жетек түрі: сервоэлектрлік цилиндр; – жұмыс аймағының өлшемі (диаметр × биіктік) кемінде 200 × 100 мм; – престоу жүргізілетін орта: вакуум, қорғаушы газ; – қорғаушы газ қысымы 0,03 МПа-дан аспайды;	Лот 1	дана	1

		Камера жылу жүктемелеріне төзімді, термиялық беріктігі жоғары материалдан жасалуы тиіс. Жүйе тотығу үдерістерін болдырмау үшін тұрақты инертті ортаны қамтамасыз етуі тиіс. 4. <i>Салқындату жүйесі:</i> – сулы салқындату жүйесі – чиллері бар тұйық контур; – су қысымы кемінде 0,3 МПа; – су шығыны кемінде 12 л/мин; судың жұмыс температурасы 40–50 °С. 5. <i>Жабдықтылығы:</i> – турбомолекулалық сорғы; – чиллер (жүйелік салқындатқыш); су мен газға арналған коммуникациялық құбыржолдардың базалық жинағы.			
--	--	--	--	--	--

МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕПІЛДІГІ

Жеткізілетін материал **12 айлық жарамдылық және жұмыс істеу қабілеттілігінің кепілдігіне** ие болуы керек.

ЖАБДЫҚҚА ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Баға ҚҚС-сыз көрсетілген және DDP шарттарына сәйкес (сатып алушыға жеткізумен, барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтарды және баж салығын қамтиды) Өскемен қаласы, пр. Шәкәрім 148, 7 корпусқа.

Төлем шарттары: 0% алдын ала төлем, 100% жеткізілгеннен кейін төленеді.

Жеткізу:

Тауар жаңа болуы керек, яғни бұрын қолданылмаған, қалпына келтірілмеген, материалдық және өндірістік ақаулары жоқ, модификацияланбаған, өзгертілмеген, зақымдалмаған, ешқандай шектеулері жоқ (кепіл, тыйым, тұтқындау және т.б.), және Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарыла алуы керек.

№357/2025 жобаның ғылыми жетекшісі

Г.С. Бектасова

Г.С. Бектасова